

«6B02302–Аударма ісі» білім беру бағдарламасы «Базалық шет тілі» пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Факультет:Шығыстану

Кафедра:Қытайтану

Білім беру бағдарламасының коды және атауы:

«6B02302–Аударма ісі»,күндізгі бөлім, 1 курс

Оқытушы:Жеңіс Гүлайна

Оқу пәні бойынша қорытынды бақылаудың өткізілу

түрі:Стандартты, жазбаша

Платформа: АЖ UNIVER жүйесі

Формат: офлайн

«6B02302–Аударма ісі» білім беру бағдарламасы «Базалық шет тілі» пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Емтихан бағдарламасының мазмұны:

Оқытылған пәннің мазмұны бойынша қытай тілінің пиньиньын дұрыс меңгеру, иероглифтарды дұрыс танып жатқа жаза алуы, сөз таптары мен сөз тіркестерін дұрыс құрай алуы және сөйлемдерді дұрыс құрап өз ойын қытай тілінде айқын жеткізе алуы.Берілген жаттығулар мен сұрақтарды дұрыс жауап арқылы орындау.

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көрсетілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда біліктіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білу; қытай тілі мәтіндеріндегі құрылымдық ерекшеліктерін барлық деңгейде анықтау; мағлұмат алу, қытай тілінің грамматикалық құрылымымен танысу дағдыларын қалыптастыра отырып, өз беттерінше грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тілінде сөйлемдерді логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық құра білу.; ұсынылған материалдарды еркін меңгеру;

-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, сұрақтар мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсіну және толық білу; грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тілінде

сөйлемдерді құра білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған материалдарды жеткілікті меңгеру;

-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалдарды түсіну; қойылған сұрақтарға толық жауап бермеу, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған материалдарды жеткіліксіз меңгеру; грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тіліндегі сөйлемдерді толық құрай алмауы;

-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар; теориялық мәліметтерді бақылай отырып тәжірибелік қорытындыны өз бетімен жасай алмау.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:

1 Блок бойынша – макс. 30 балл

2 Блок бойынша – макс. 30 балл

3 Блок бойынша - макс. 40 балл

Барлығы - 100 балл

Әдебиеттер:

1. 新实用汉语课本 1 (俄语版), 北京语言大学出版社, 2017 年.

- 2.对外汉语本科系列教材语言技能类,一年级教材汉语听力教程,胡波,杨雪梅 编著第一册,北京语言大学出版社,2017,-289 页.
- 3.新 HSK 速成强化教程一级,王海峰,陈莉,路云编著,北京语言大学出版社, -279 页.
- 4.发展汉语,刘趁兴 3 ,北京语言大学出版社 2016 年.